



Химия өнеркәсібі қызметкерлері күнімен!

**Құрметті зауыттықтар,
сіздерді химия өнеркәсібі қызметкерлері
күнімен құттықтаймын!**

Химия-таңғажайып ғылым, табысты, үздіксіз дамудың берік негізі. Бұл мереке Қазақстан экономикасының ең заманауи, күрделі және экономикалық маңызды салаларының бірі – химия және мұнай-химия өнеркәсібіне өмірлерін арнаған түрлі мамандарды біріктіреді.

Атырау облысы үшін бұл күн ерекше, өйткені дәл осы жерде сонау 1966 жылы – Гурьев химия зауыты бой көтерді. Кейін 2015 жылы Атырау облысында мұнай-химия саласы белсенді түрде меңгеріле бастады. Ал алғашқылардың бірі болып АМӨЗ игерді.

Өндірісті ауқымды үш кезеңдік жаңғыртудың арқасында зауыттың қуатын арттыра алдық.

Біз отынның жаңа түрлерін өндіріп қана қоймай, қазіргі уақытта Қазақстанда бензол мен параксилолдың – әлемдік нарықта сұранысқа ие жоғары қосылған құны бар мұнай-химия өнімдерінің жалғыз өндірушісі болып табыламыз.

Бұл біздің соңғы жетістігіміз емес, алдыда жаңа асулар мен белестер күтіп тұр.

Шын жүректен сіздерге және отбасыларыңызға бақыт, денсаулық, береке тілеймін. Жұмыстарыңыз жемісті болып, жаңашылдық пен өндірістік жетістіктерге жете беріңіздер.

Мереке құтты болсын!

«АМӨЗ» ЖШС Бас директоры Абзал ДОСЖАНОВ

**Уважаемые заводчане,
поздравляю вас с Днём работников
химической промышленности!**

Химия – удивительная наука, крепкая основа для успешного непрерывного развития. И этот праздник объединяет самых разных специалистов, посвятивших себя химической и нефтехимической промышленности – одной из самых современных, сложных и экономически значимых отраслей экономики Казахстана.

Для Атырауской области этот день особенный, ведь химическая отрасль здесь начала развиваться в далеком 1966 году – с вводом в эксплуатацию Гурьевского химического завода. Затем, в 2015-м, именно здесь, в Атырау, активно начали осваивать нефтехимическую отрасль. АНПЗ – одним из первых. Благодаря масштабной трехэтапной модернизации производства нам удалось увеличить мощность завода. Мы не только стали производить новые виды топлива, но и являемся единственным в Казахстане производителем бензола и параксиллола – востребованных на мировом рынке продуктов нефтехимии с высокой добавленной стоимостью. И это не последние наши достижения, впереди нас ждут новые свершения и успехи.

От всей души желаю счастья, здоровья, благополучия вам и вашим близким, плодотворной работы, новых открытий и производственных достижений.

С праздником!

Генеральный директор ТОО «АНПЗ» Абзал ДОСЖАНОВ

**Суды химиялық
жолмен тазалау**



**Работы на Соколке
начнутся после ЧС**

Суды химиялық жолмен тазалау

«Қайда қарасақ та, қайда көз жүгіртсек те көретініміз химия ғажайыптары» деп орыстың ұлы ғалымы, жаратылыстанушы, ақын, философ, суретші, тарихшы, ағартушы Михаил Ломоносов айтып кеткен еді. Шынында да химияның ғажайыптарының арқасында талай өнімді бүткіл әлем пайдаланып отыр. Мамыр айының соңғы жексенбісі – химия өнеркәсібі қызметкерлері күні. Мереке қарсаңында Атырау мұнай өңдеу зауытының суды химиялық жолмен тазалау қондырғысының жұмысымен танысқан болатынбыз.



Жұмабек Бегалиев, Нартай Қоңырбайұлы, Светлана Адильбаева, Суиньш Еспусинов, Гүлнар Абулхайрова, Әлия Сұлтанғалиева



Бөлек әлем, бөлек отбасы іспеттес ұжымды басқарып отырған Сүйінш Еспусинов бізді қарсы алып, қондырғының жұмысы туралы баяндап берді.

«Ең алдымен жылу және электр цехы болған, ол зауыт құрылғаннан бастап қызметін жалғастырып келеді. Аталмыш химиялық жолмен суды тазарту қондырғысы 1969 жылы құрылған. Шикі суды Жайық өзенінен алып, тазалап, өзінің нормативтеріне келтіріп, жылу және электр өндірісінің бу қазандарына дайын-

күнге дейін дайын суды беру бағытында ешқандай ауытқулар болып көрген жоқ. Нормаға сай ескі қондырғыларға сағатына 150-200, жаңаларына 250 тонна су беріп тұрамыз. Резервуарларға 1000 кубтай суды жинаймыз. Содан соң су сорғымен қондырғыларға беріледі. Ескі қондырғыда классикалық схема сақталған, яғни бұрынғыша су механикалық жолмен тазартылады. Ал жаңасында судың сапасы жоғарылау болуы қажет, онда су кері осмос әдісі арқылы өткізіледі. Мембраналық технологиялар арқылы жүзеге асады. Су жоғары қысыммен мембранадан өтіп тұздары алынады, минералсыздандырылады. Сулар әртүрлі келеді: шикі, тұзсыз, тұзды, тазаланған. Ескіде химиялық жолмен тазаланған судың сапасы төмендеу болғанымен қазандықтарды қамтамасыз етуге жеткілікті. Жаңа қондырғыларға берілетін судың сапасы нормаға сай минералдары аз, электр өткізгіш болуы керек. Лаборанттар техникалық регламентке сай қадағалап, кесте бойынша орындайды. Аппаратшылар уақытында бақылап, қосатын қоспаларын, реагенттерін өзгертіп, сапасын шығарады». Сүйінш Еспусинов 1994 жылы ең алдымен аудандық жылу – электр цехында қызмет етіп, 2013 жылы зауыттың суды химиялық

қарап отырады. Лаборанттар күніне қыста 1200, ал жазда – 1000 талдамаға дейін жасайды». Алтынай Габбасова 2014 жылы осы қондырғыға лаборант болып орналасқан.

Ұжым қызметкерлерінің көбісі ұзақ жылғы өтілдері бар, өмірлерін қызметтеріне арнаған жандар екендігіне көз жеткіздік. Сонымен қатар өте қарапайым, жұмыстарына адал екендіктеріне де куә болдық.

Ескі химиялық жолмен суды тазалау қондырғысының аппаратшыларының атынан аға аппаратшы Гүлнар Абулхайрова ұжыммен таныстырды: «Оралдан, су алу цехынан келетін суды химиялық жолмен тазалаймыз. Ең бірінші ағартылып, тазалаудан өтеді, сосын механикалық бірінші қадам, екінші қадам деген бар, одан кейін барып тұтынуға кетеді. Өзім 90 жылдары РСУ-16 деген мердігер мекемеде бастап қызмет атқардым. 1995 жылы қызметімді зауытта жалғастырдым. Біздің ұжым өте ұйымшыл. Қыздар жастайынан осы қондырғыға келген. Жұмыстың бүкіл ауыртпалығын, қиындығын көтерген осы кісілер. Зауытқа ризамыз, барлығына арман болған зауытта біз қырық жылға жуық қызмет етіп жатырмыз. Көбісі осы жерде отбасылы болып, балалы-шағалы болып отыр».

Кейін екінші қатарда орналасқан зертханаға жол тарттық. Мұнтаздай таза кабинеттер, тып-тыныш, өз жұмыстарымен айналысып жүрген ақ халатты нәзік жандыларға кез болдық. Екі кабинеттен жедел және күндізгі зертхана қызметкерлері алдымыздан шықты. Біздің қойған сұрақтарымызға химиялық талдама лаборанты Нургуль Мадекешова: «1988 жылы №4 цехқа жұмысқа тұрдым. Жұмысқа келеміз, арнайы киімімізді киіп, сынамааларды іріктеуге



Жасұлан Құрманғалиев, Ғалымжан Ақпаев, Қанат Мұратов

Ол еңбек жолын әкесінің ізімен 1994 жылы жөндеу-механикалық цехында бастап, кейін суды химиялық жолмен тазалау қондырғысына аға аппаратшы болып ауысады. «Таңертең 8 де жиналыс болады да бізге тапсырма беріледі. Кім қай жерге баратыны анықталады. Әр күні әртүрлі жұмыстар шығып тұрады. Сол тапсырманы бітіргенше басқа іске кіріспейміз. Күндіз бес адам болып қызмет етеміз. Және ауысым бойынша жұмыс жасайтын қызметкерлер бар. Олар режимді бақыласа, біз қондырғыларды қараймыз. Өзімнің жұмыс жасағаным 30 жыл болды», - дейді маман.

Апаратшылардың жұмысымен танысып болған соң, жоғарыдағы зертханаға бет алдық. Онда да бізді күлімдеген арулар қарсы алды. Олардың да айтарлары бір. «Ұжым өте ұйымшыл. Таңғы 8 де жұмысымыз басталады. Аппаратшылар ыдыстарды алып кетеді. Қондырғыдан талдамалар алып келеді. Соларды жасап, компьютерлерге құямыз. Су тазалау қондырғысынан минералсыздандырылған су алынады. Олар жаңа технологиялық қондырғыларға жіберіледі. Бізде лаборанттар бір-бірін алмастыра алатын мамандар. Жауапкершілік өте үлкен. Кейбір талдамаларды қайта-қайта алуға тура келеді. Ең бастысы сапалы суды уақытында беріп тұру», - дейді лаборант Гүлшара Джумағалиева.

Сөйтіп, жылу және электр өндірісінің бір бөлшегі суды химиялық жолмен тазалау қондырғысының жұмысымен толыққанды танысып шықтық. Жұмыстары көрінбейтін, бірақ зауыт үшін үлкен орын алатын өндірістің еңбегі ұшаң теңіз. Қызметтерін жасай жүріп, бір отбасындай болған ұжымның бірлігі көз қуантады. Өйткені Атырау мұнай өңдеу зауытының ұраны да – бірліктен тұрады.

Химия өнеркәсібі қызметкерлері күні құтты болсын!



Аружан Сайфоллаева, Ақмарал Сұлтанова, Алтынай Габбасова, Нұргүл Мадекешова, Әлия Сұлтанғалиева, Айдана Қанбетова

даймыз. Шикі суды тікелей бере алмайтын болғандықтан, оның құрамындағы кермектігің, тұзың, темірін айырамыз. Бу қазанына берілген су әрі қарай бу және электр энергиясы түрінде шығады. Бұл суды химиялық жолмен тазартудың ескі қондырғысының жұмысы. Бұдан бөлек 2014 жылы жаңа қондырғы тұрғызылды. Ол зауытты жаңғыртудан кейін пайда болған жаңа қондырғыларды сумен қамтамасыз етеді. Екі қондырғының су тазалау бағытында өзгерістер бар. Жаңасында су минералсыздандырылған болады. Жалпы қондырғының мақсаты - қажетті суды уақытында беріп тұру. Мамандарымыз тәжірибелі. Қазіргі таңда суды тазалау мамандары жоқтың қасы. Бізге келетін жастарды ұзақ жылғы өтілдері бар қызметкерлеріміз үйретеді. Осы

жолмен тазалау қондырғысына жұмысқа тұрады.

Кейін қондырғы инженері Алтынай Габбасовамен, сондай-ақ ескі және жаңа химиялық жолмен суды тазалау қондырғыларының аппаратшылары және лаборанттарымен таныстық:

«Жалпы екі қондырғыда 53 маман жұмыс атқарады. 3 инженер-техникалық қызметкер, қалғаны жедел өндірістік персонал. Оның ішінде 25 аппаратшы мен 24 лаборант бар. Аппаратшылар технологиялық режимге, лаборанттар судың құрамындағы талдамаларға, нормативтерге химиялық бақылау жасап отырады. Өзгерістерді аппаратшыларға жеткізіп, қазандық суларының, турбиналардың, будың нормативтерін



Гүлзада Кенжеғалиева, Гүлшара Джумағалиева

ТАҒАЙЫНДАУ



Бас директордың 15.04.2024 жылғы №73-к бұйрығымен **Арман Бауыржанұлы ДИМУКАШЕВ** еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және азаматтық қорғаныс департамент директорының міндетін атқарушы болып тағайындалды.



Бас директордың 15.04.2024 жылғы №74-к бұйрығымен **Альфия ГУМЕРОВА** сатып алу департаментінің сатып алуды ұйымдастыру бөлімінің бастығы болып тағайындалды.



Бас директордың 30.04.2024 жылғы №68-к бұйрығымен **Самат ИСПЕРГЕНОВ** маркетинг және жүк тасымалы департаментінің, мұнай жеткізушілермен жұмыс және мұнай өнімдерін жөнелту бөлімінің маркетинг секторының басшысы болып тағайындалды.



Бас директордың 13.05.2024 жылғы №91-к бұйрығымен **Қанат РАУКЕН** зауыт басқармасының бас технологу болып тағайындалды.



Бас директордың 13.05.2024 жылғы №92-к бұйрығымен **Азамат УРТАМБАЕВ** зауыт басқармасының өндіріс бойынша департамент директоры болып тағайындалды.

ОЗЕЛЕНЕНИЕ

Работы на Соколке начнутся после ЧС



Начало весны традиционно связано с озеленительными работами территории завода и санитарно-защитной зоны. Но в этом году все немного не по плану: режим чрезвычайной ситуации, связанный с приходом паводковой воды в область, немного изменил план посадок. Тем не менее, традиционная высадка заводчанами молодых деревьев состоялась.

– Планировалось, что в этом году озеленительные работы мы начнем с высадки деревьев, согласно заключенному между акиматом Атырауской области и КМГ меморандуму по озеленению Атырау. Но в наши планы вмешалась стихия, всю технику и оперативный персонал отправили на противопаводковые работы, – рассказала ведущий инженер отдела ООС Молдир БОРАШЕВА. – И всё же совсем без посадок не обошлось: адми-

нистративный отдел организовал «зелёную» акцию «Менің атаулы ағашым», благодаря которой на территории завода высажено 100 деревьев разных пород. О том, как скорректирован план озеленения санитарно-защитной зоны на год, рассказала ведущий инженер отдела охраны окружающей среды Залина ХУДАЯРОВА.

– Нам необходимо озеленить 12% территории санитарно-защитной зоны, чтобы достичь норматива. Для этого планируется благоустроить территорию и высадить насаждения с западной стороны от завода на площади 32,9 га, откуда переселили жителей, – говорит З. Худаярова. – Согласно утвержденному плану поэтапного озеленения санитарно-защитной зоны, разработан проект. Строительно-монтажные работы и высадку саженцев мы планируем сделать до конца этого года своими силами. Еще в этом году мы планируем благоустроить и озеленить дополнительный участок площадью 15,45 га на территории СЗЗ завода. Сейчас разрабатываем проект.

За всеми зелеными насаждениями санитарно-защитной зоны бдительно следит подрядная организация – ТОО «Саулет-құрылыс». Эта компания проводит все необходимые агротехнические мероприятия по уходу за высаженными 126 270 кустарниками и деревьями.

– Подрядная организация окучивает, рыхлит, мульчирует приствольное пространство, вносит требующиеся удобрения и прочее, – говорит М. Борашева.

Эта же компания участвует в уходе за деревьями на участке размером 0,7 га вдоль пр-та Кабдолова, у поста №19, на котором в прошлом году сотрудники завода высадили 455 карагачей, тополей, ясеней и лохов, а затем в течение года сотрудники Саулет-құрылыс контролировали приживаемость деревьев. А подготовила к посадкам участок другая подрядная компания – AVC Group. На сегодняшний день все саженцы надежно укоренились и тронулись в рост.

Помимо этого, в 2023-м году ТОО «АНПЗ» передало акимату г. Атырау 200 взрослых ясеней высотой 3,5-4 метра с закрытой корневой системой. Как сообщили в акимате, деревья высажены на территории ретропарка. На сегодняшний день все деревья прижились.

В этом году предполагается начать высадку деревьев по меморандуму, согласно условиям которого АНПЗ в течение трех лет должен высадить до 10 тысяч деревьев на территории г. Атырау. Участок определен – это 20 гектаров вдоль канала Соколк, в районе села Талгайран. Согласно плану-графику озеленения, в 2024 году планируется посадка 5 000 деревьев, остальных 5 000 – в следующем.

Информация по озеленению санитарно-защитной зоны завода

Общая площадь СЗЗ завода 805 га, из них озеленено и благоустроено 225,4 га (28%):

- с южной стороны завода, в районе факельного хозяйства ТОО «АНПЗ» – 191 га;
- с юго-западной стороны завода в районе Перетаска – 2,88 га;
- с северо-западной стороны завода, в районе п. Мирный – 2,12 га;
- с северной стороны завода, в районе пожарной части АНПЗ – 5 га;
- с западной стороны завода, в районе западного ограждения – 6 га;
- с западной стороны завода, в районе п. Мирный (ПГПН) – 17,7 га;
- с северо-западной стороны, возле КПП №19 – 0,7 га.

Менің атаулы ағашым

Атырау мұнай өңдеу зауытының қызметкерлері қалалық және республикалық экологиялық акцияларға тұрақты түрде қатысып отыратындығы көпшілікке мәлім. Зауыт биыл да шаһар аумағын көгалдандырып, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған іс-шараларды іске асыруын жалғастыруда. Облысымызды, қаламызды, зауыт аумағын жасыл желекке бояуды әдетке айналдырған кәсіпорын қызметкерлеріне басшылар да ат салысты.

Мамыр айының мерекелері қарсаңында зауыт басшылары мен құрылымдық бөлім жетекшілері «Менің атаулы ағашым» атты акцияға қолдау білдіріп, әр жетекші зауыттың саябағында 120 түп қарағаш, шаған, айлант және катальпа көшеттерін отырғызды.

«АМӨЗ» ЖШС бас директоры Абзал Досжанов ағаш отырғызу тек зауыт аумағын абаттандыруға ғана емес, сондай-ақ экологиялық жағдайды жақсарту үшін де пайдалы, игі іс екенін атап өтті. А.Досжанов алдағы күндері бастау алатын АМӨЗ аумағын санитарлық тазалау және абаттандыруға арналған жалпызауыттық науқан барысында да ағаш егу жұмыстарының жалғасатынын айтты.

Акция бір жағынан жауапкершілікке баулып, ұжымның бірлігін нығайтуға себепкер болды. Зауыттықтарға көтеріңкі көңіл-күйде ағаш егу жұмыстары ерекше эмоция сыйлады. Ал отырғызылған ағаштарды күтіп-баптау әр басшының құзырында болады.



Гүл ек, тал ек, туған жерді түлет

Атырау мұнай өңдеу зауытына қызмет көрсететін NAK Group ЖШС мекемесі өздері қызмет ететін ғимараттың ауласын көгалдандыру жұмыстарын жүргізуде. 180 дана гүл мен 11 дана бозарша (туя) талы егілді. Сонымен қатар аумаққа ыстыққа төзімді, біздің жерімізге арналған газон дәні себілді.

«Біз материалдық-техникалық жабдықтау бөлімімен бірлесіп, қаражат жинап, өзіміз қызмет ететін ғимараттың алдын жасыл желекке айналдыруды шештік. Ұжым тарапы-

нан да қолдау тауып, қазіргі таңда жер қопсыту, алынған гүлдер мен талдарды егу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Біз зауыттың айнасы іспеттеспіз. Зауытқа келетін адамдар да бізге қарап кәсіпорын туралы пікір қалыптасатын болады, және біз де соған сай болуымыз қажет деп есептеймін», – дейді NAK Group мекемесінің жетекші маманы Алтай Хаиров.

NAK Group ЖШС зауыттағы өткізу бюросы мен табель жүргізу қызметін атқарады. Аталмыш мекеме жасаған игі істер зауыттың басқа да мердігер мекемелеріне үлгі болады деген сенімдемсіз.

ПРОЕКТЫ

Цель МОС – сделать воду чище

На Атырауском нефтеперерабатывающем заводе подходит к завершению реконструкция механических очистных сооружений (МОС) сточных вод закрытого типа в рамках проекта Tazalyq. После завершения пусконаладочных работ второго этапа комплекс будет запущен на полную мощность.

Ожидается, что после реконструкции мощность очистки вырастет в два раза — до 1 000 кубометров в час, объем переработки нефтяного шлама составит в среднем 12 000 кубометров в месяц. По итогам 2023 года показатель эффективности очистки сточных вод на предприятии составил 83%. При этом часть очищенной воды планируется повторно использовать для нужд завода, что должно на 9% сократить потребление из реки Урал.

Также в рамках проекта Tazalyq АНПЗ занимается рекультивацией полей испарения, как известно, разбитых на 4 сектора. Запланированные работы на двух сектора полей выполнены в полном объеме. Осушение и рекультивация оставшихся начнутся после получения разрешения на



сброс сточных вод АНПЗ на КОС г. Атырау.

На сегодняшний день, благодаря реконструкции МОС и повышению качества сбрасываемой воды, на полях существенно улучшились показатели качества окружающей среды, и здесь по-прежнему обитает разнообразная живность, на гнездование прилетают несколько видов птиц, в том числе краснокнижные лебеди и фламинго.

Стоит добавить, что в целях рацио-

нального использования водных ресурсов на АНПЗ планируется строительство установки доочистки сточных вод. Реализация проекта позволит сократить забор из Урала до 5 млн кубометров в год, повторно использовать сточные воды, сократив объем их сбросов до 70%, довести качество подпиточной воды до нормированных показателей. Сейчас водозабор предприятия из реки составляет около 8 млн кубометров в год.

САЙЫС



Биыл Ұлы Жеңіске 79 жыл толып отыр. Атаулы мереке қарсаңында зауытта «Атырау МӨЗ» ЖШС бөлімшелері арасындағы «Біз Отанды жырлаймыз» атты өнер байқауы өткен болатын!

Сайыста мәдениет саласының үздігі, «Ерен Еңбегі үшін» медалінің иегері, Н. Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармониясының бас режиссері Ақмарал Машимова, персоналды басқару департаментінің директоры Гүлнар Достанова, құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Анария Мухлесова, мемлекеттік органдармен және мердігерлік ұйымдармен жұмыс бөлімінің басшысы Жандос Булекбаев, мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін терең күкіртсіздендіру өндірісінің технологиялық қондырғы операторы Ғалым Хамзаев тәрелік етті.

«Біз, Ұлы Отан соғысына қатысқандардың ерліктері туралы еш уақытта ұмытпаймыз. Зауытымызда 9 тты еңбеккерлері мен 2 ұлы Отан соғысы ардагерінің жесірлері бар. Ал майданға қатысқан 300 ден

Біз Отанды жырлаймыз

аса ардагерлеріміздің ешқайсысы қазір арамсызда жоқ. Сондықтан кейінгі ұрпаққа олардың ерліктерін жеткізіп, ата-бабаларымыздың қанымен келген жеңістің қадірін ұқтыра білуіміз қажет. Сұрапыл соғыста қаза тапқан жандар мәңгі есімізде! Жеңіс күні құтты болсын», - деп бас директордың жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан Нақпаев ізгі тілегін арнады.

Байқауда күмбірлеген күй ойналып, би биленді, сонымен қатар ән шырқалып, көркісі қойылып, көркем сөз де оқылды. Барлығы дерлік 12 өнер түрі көрерменге жол тартты.

Нәтижесінде, мұнай өнімдерін өндіру және тасымалдау цехының қызметкерлері ұсынған «Жеңіс жалауы» көрінісі мен «орталық зауыт зертханасы» сынақ орталығының лаборанттарының «Синий платочек» өніне дайындаған би «көрермен көзайымы» номинациясына ие болды. Ал жүлделі 3 орынға «Алаш Ама-

наты» күйімен электр цехының электромонтеры Ғабиден Бағайдаров пен «Туған жер» өнімен су тұтыну цехының машинисі Бағдат Мырзагельдиев жайғасты.

Муса Джалильдің «Чулочки» өлеңін оқыған «орталық зауыт зертханасы» сынақ орталығының лаборанты Анна Пелекурцева 2 орынды қанжығасына байлады.

Жүлделі 1 орынды М. Шахановтың «Жеңіп тұрып жеңілу» өлеңін нақышына келтіріп оқыған мұнай өнімдерін өндіру және тасымалдау цехының инженер-механигі Бисұлтан Терекбаев жеңіп алды.

Жеңімпаздар диплом мен ақшалай сыйлықтарға ие болса, қалған қатысушыларға да ынталандыру сертификаттары табыс етілді.

Көрермендер мен қолдаушылар жастарға елін сүюге, отанына адал болуға, жеңістің қазақ еліне қалай келгендігін жеткізу мақсатында өткізілген керемет кештің куәсі болды!

ОБЪЯВЛЕНИЯ

О ДЕКЛАРИРОВАНИИ

В 2024 году декларацию о доходах и имуществе по форме 270.00 обязаны предоставить все физические лица, задекларировавшие активы и обязательства (форма 250.00) с 2021 по 2023 год не позднее 15 сентября 2024 года.

Декларацию формы 270.00 оптимизировали: с 1 января 2024 года сократился перечень информации для отражения в Декларации о доходах и имуществе. Исключена необходимость отражения доходов, облагаемых у источника выплаты (заработная плата, вознаграждения по депозитам, пенсионные выплаты и др.), и информации о приобретении, отчуждении либо получении безвозмездно имущества, зарегистрированного в Казахстане.

Обязанность по отражению в Декларации о доходах и имуществе (форма 270.00) сведений об источниках покрытия расходов на приобретение имущества возложена только на физических лиц, которые указаны в законе Республики Казахстан «О противодействии коррупции», а именно: лиц, занимающих ответственную государственную должность, и их супругов; лиц, уполномоченных на выполнение государственных функций, и их супругов; должностных лиц и их супругов; лиц, приравненных к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, и их супругов.

Декларацию можно представить в электронном виде через cabinet.salyk.kz, egov.kz, e-Salyq Azamat, eGov mobile.

По вопросам звонить: 59-372 (Гульжан Кенжеғалиева), 59-726 (Сакен Мусабаев), 59-790 (Айгуль Биманова).

ЖАС МАМАН

Объявлен отбор по программе «Жас маман» для очной формы обучения студентов за счет средств ТОО «АНПЗ» в КБТУ, Satbayev University, Алматинском Университете энергетики и связи им. Гумарбека Даукеева и других по специальностям технологического профиля: «Химическая технология органических веществ»; «Машины и оборудование нефтегазовой отрасли»; «Автоматизация и управления»; «Электроэнергетика»; «Теплоэнергетика».

Участие в конкурсном отборе могут принять выпускники 11 классов средних общеобразовательных школ, имеющие «отлично» и «хорошо» по предметам химия, физика, математика; участники и призеры городских, областных, республиканских олимпиад по этим предметам.

Прием заявлений осуществляется до 1 июня 2024 года.

По всем вопросам обращаться в отдел управления персоналом по тел 8 (7122) 259-210.

Перечень документов для участия в конкурсе:

копия аттестата о среднем образовании; копия сертификата с результатами ЕНТ; школьная характеристика выпускника, с приложениями грамот, дипломов; заявление гаранта на имя генерального директора (председателя правления).

В заявлении указать степень родства к претенденту программы «Жас маман», место работы, контактные номера телефонов, а также: документы, подтверждающие личность гаранта; документ с места работы гаранта; адресная справка гаранта; гарантийное обязательство о возврате суммы, затраченной на оплату за обучение и на выплату ежемесячной стипендии, в случае прекращения ребенком обучения по неуважительным причинам.

«AMÖZ alemi» басылымы №10.
24 мамыр 2024 жыл.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«AMÖZ» ЖШС, Қабдолов к-сі, 1
тел.: 8 (7122) 25-95-84.

Газет «Полиграфсервис» ЖШС
баспаханасында басылды.
Орал қ., Л. Толстой к-сі, 27/б.
Байланыс нөмірі:
50-51-46, 51-41-99.
Тиражы: 1500 дана.
Тапсырыс №6.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ
бастығы – Ш. Какимжанова.
Caspian News ЖШС:
жетекшісі – К. Кертаев.
Редакторлар – И. Козонова,
А. Қабдешова.
Суретке түсіруші – Б. Амантаев.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 2024 жылғы
23 ақпанда тіркеліп,
тіркеу туралы
№КЗ18VPY00088072
күәлігі берілген.

Газет редакциясы жарнама
материалдары мен
хабарландырулар,
құттықтаулар және көңіл айту
мазмұнына жауап бермейді.